



# QAZAQ

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№44 (1910) 27 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ

## Ректор Иран елшісімен кездесті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Али Джоукар бастаған делегациямен кездесті.

Жүздесуде тараптар білім, ғылым саласындағы ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

ҚазҰУ ректоры ирандық жоғары оқу орындарымен көпжылдық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар оқу ордасының басшысы ҚазҰУ-да Иран университеттерінен келген үш профессор дәріс оқығанын айтты.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Иранның жеті жоғары оқу орнымен байланыс орнатқан. Болашақта ғылым және білім, мәдениет салаларындағы серіктестікті дамыту қажет.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ирак Республикасы елшілігінің істері бойынша уақытша сенімді өкілі Джабер Абдулла Әл-Темими бастаған делегациямен кездесті.

## Иракпен білім саласындағы ынтымақтастық артады



Кездесуде ректор Қазақстан мен Ирак арасында 1995 жылдан бері ұзақ мерзімді дипломатиялық қатынастардың орнағанын атап өтті. Ирак елшілігі Қазақстанда 2008 жылдан бері жұмыс істейді. 2023 жылғы 12 қыркүйекте Қазақстанның Ирактағы елшісі Айдарбек Тұматов Ирак премьер-министрінің орынбасары – сыртқы істер министрі Фуад Хусейнмен кездесіп, екі елдің ынтымақтастық

бағыттарын талқылаған болатын.

Бүгінде ҚазҰУ еліміздің жетекші жоғары оқу орны ретінде Азия және әлем елдерінің университеттерімен әріптестік байланыстарын жан-жақты дамытуда. Университет бірқатар халықаралық, сондай-ақ WUC, COMSATS, COMSTECH, Жібек жолы университеттерінің альянсы сияқты үкіметаралық ұйымдарға мүше.

Жалғасы 2-бетте



## Польшаның 22 университетімен байланыс орнаған

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мария Кюри-Склодовская университетінің ректоры, профессор Радослав Добровольскимен жүздесіп, ынтымақтастықты дамыту бағыттарын талқылады.

Өз кезегінде Мария Кюри-Склодовская университетінің ректоры, профессор Радослав Добровольски ілтипат білдіргені үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдіріп, екі оқу ордасы арасындағы серіктестікті жоғары бағалады.

Қос университет басшылары ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындап, білім және ғылым, спорт салаларындағы ықпалдастықты жандандыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Кездесуде университет басшысы Жансейіт Түймебаев Мария Кюри-Склодовская университетімен серіктестікті дамытуға айрықша мән беретініне назар аударды. Ректордың айтуынша, ҚазҰУ Польшаның 22 жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынас орнат-

қан. Сондай-ақ оқу ордасының 21 оқытушысы соңғы жылдары Польша университеттеріне арнайы барып, ғылыми конференцияларға қатысып келді. Ал ҚазҰУ-ға 2022/23 оқу жылында Польшаның беделді төрт профессоры мен PhD докторлары келіп, дәріс оқыған болатын.



Зулхайр МАНСУРОВ:

И вот прошло  
девяносто лет,  
почти Век...

3 >>



Әділхан ӘБІЛДАЕВ:

Еңбек кітапшамда  
тек ҚазҰУ  
жазылған

4 >>



Ватикан  
мұрағатында  
түркі әлемін  
зерттеуде

4 >>

## Ректор Иран елшісімен кездесті



Соңы. Басы 1-бетте

Қазіргі уақытта университетте 11 ирандық студент білім алуда. Бұл көрсеткішті алдағы уақытта көбейтуге болады», – деді ректор.

Өз кезегінде Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Али Джоукар ілтиспат білдіргені үшін университет ректорына алғысын білдіріп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Екі елде қазақтану және ирантану ілімін дамыту аса маңызды. Осы орайда, Иран тарапы ағымдағы жылы қазақстандық білім алушы жастар үшін 20 білім грантын бөліп отыр. Сондай-ақ Қазақстандағы ғалымдарды және шығыстанушыларды Иранда жыл сайын өтіп отыратын ғылыми фестивальдерге қатысуға ша-



қырамыз. Аталған фестиваль жеңімпаздарына арнайы қаржылай сыйлықтар табысталады. Бұл ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік. Мен айтқан ұсыныстар екі ел арасындағы ғылым және білім саласын дамытуға сеп болары анық», – деді құрметті елші.

Жүздесу барысында бірлескен ғылыми-білім беру жобалары шеңберінде одан әрі әріптестік және өзара іс-қимылды дамыту мәселелері талқыланды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## Шетелдік лекторлар тренинг өткізді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шетелдік лекторлардың тренингтері өтті. Іс-шараны Al-Farabi Business School ұйымдастырды. Мақсат – студенттер үшін білім мен тәжірибенің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашу.

Алдымен Гарвард университетінің аға оқытушысы Фатон Лиманидің UBT/MBA көшбасшылығы бойынша онлайн дәріс өтті. Іс-шараға ҚазҰУ магистранттары, докторанттары мен оқытушылары қатысты. Дәріс барысында көшбасшылық әлеуетті дамытудың, күрделі міндеттерді талдаудың және өзгерістерді басқарудың негізгі аспектілері талқыланды.

Сондай-ақ «СКОЛКОВО» Мәскеу басқару мектебінің оқытушысы Сергей Кузьменконың «Клиенттермен және әріптестермен келіссөздер» тақы-

рыбында екі күндік офлайн тренингі өтті. Бұл тренингтер бизнес-қоғамдастықтың студенттері мен кәсіпқойларына өз тәжірибесін байытуға, өзекті тақырыптарды талқылауға, көшбасшылық және келіссөздік дағдыларын жетілдіруге бірегей мүмкіндік берді.

Al-Farabi Business School жетекші әлемдік сарапшылармен шеберлік сағаттарын ұйымдастыра отырып, білім беру стандарттарын көтеруді жалғастыруда.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## Иракпен білім саласындағы ынтымақтастық артады

Соңы.  
Басы 1-бетте

Сондай-ақ 2014 жылдан бастап университет БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасының жаһандық хабын басқарады. 2023 жылы университет QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінде 29-орынға ие болды.

«Бүгінде ҚазҰУ-да Ирак Республикасының 15 студенті оқиды. Оның сегізі ақылы негізде, ал жетеуі білім гранты бойынша білім алуда. Университет Ирак жастарының арасында сұранысқа ие болып отырғанына қуаныштымын. Біз екі ел арасындағы ғылым мен білім



саласындағы ынтымақтастық бағыттарын кеңейтуге дайынбыз», – деп атап өтті ректор.

Өз кезегінде Джабер Абдулла Әл-Темими ҚазҰУ басшылығына алғыс айтып, келер жылы 90 жылдық мерейтойын атап

өтетін Қазақ ұлттық университетімен байланысты нығайтуға қызығушылық білдірді.

Жүздесуде тараптар алдағы жоспарларды пысықтап, екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

## Инновациялық білім берумен алмасуға мүмкіндік

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да алғаш рет Академиялық қоғамдастықтар желісі (CAC) өкілдерінің кездесуі өтті. Жиынды USAID су ресурстары және қоршаған орта жөніндегі өңірлік жобасы (WAVE) мен Орталық Азия Академиялық қоғамдастықтар желісі бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараға Орталық Азияның бес елінен 30-ға жуық білім беру мекемелерінің өкілдері қатысты. Мамандар өңір университеттері арасындағы ынтымақтастықты жақсарту бойынша ортақ мәселелерді, Академиялық қоғамдастықтар желісінің жұмысы мен алдағы жоспарларды талқылады.

ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова Орталық Азия Академиялық қоғамдастығы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының құрылғанына 50 жыл толуына орай, кафедраның негізін қалаушы, ғалым, профессор Виктор Михайлович Инюшин атындағы Биофизика зертханасы салтанатты түрде ашылды.

Іс-шараға елімізге белгілі ғалымдар мен білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және студент жастар қатысты.

1941 жылы Ленинград қаласында гидрокұрылысшының отбасында дүниеге келген ғалым Виктор Михайлович Инюшин 1958-63 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетінде білім алған. Оқудан кейін Гистология және цитология кафедрасында стажер-зерттеуші болды. 1966 жылы жануарлардағы сәулелік зақым-



желісімен ынтымақтастықтың негізгі нәтижелерін атап өтті.

Спикерлер талқыланатын мәселелердің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен байланысына тоқталды. Осыған байланысты проректор ҚазҰУ төрт жыл қатарынан БҰҰ бағдарламасының жаһандық хабы болып табылатынын және тұрақты дамудың барлық 17 мақсатын іске асыру үшін көпжақты ынтымақтастықты тұрақты кеңейтуге дайын екенін атап өтті.

Сондай-ақ отырыста халықаралық қатынастар факультете-

тінің деканы Лейла Деловарова мен география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева сөз сөйлеп, Орталық Азияның Академиялық қоғамдастығы желісімен ынтымақтастық байланыстар жүйелі түрде жалғаса беретінін айтты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Академиялық қоғамдастықтар желісі университеттер арасында инновациялық білім беру материалдарымен алмасуға мүмкіндік береді.

Гүл БАЯНДИНА

## Биофизика зертханасы ашылды



дануды қалпына келтіру үшін лазерді қолдануды зерттеуге арналған кандидаттық диссертациясын қорғады. 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғап, 31 жасында КСРО-дағы ең жас биология ғылымының докторы атанды. 1977-79 жылдары Польша, Австралия және Үнді елдерінде жаратылыс сырларына қатысты дәріс оқыды. Ғалым Кириан әсерінің көмегімен адамның психо-функционалдық жай-күйін диагности-

калау әдістемесін дамытуға мол үлес қосты, оны бүгінде мамандар өзінің терапевтік тәжірибесінде қолдануда.

Профессордың ғылыми жетекшілігімен төрт докторлық диссертация және 19 кандидаттық диссертация қорғалды. Ғалымның жеке қорында 430-дан астам ғылыми мақала, 60 авторлық куәлік пен патенттер бар.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

**Один из почетных аксакалов нашего университета, ученый с мировым именем, почетный исследователь Лондонского университетского колледжа (Англия), член научно-технического совета МОН РК, Института горения США, visiting-профессор Нанкинского университета науки и технологии, КНР) Мансуров Зулхаир Аймухаметович прошел славный путь от студента (с 1963 г.) до первого проректора КазНУ им. Аль-Фараби и генерального директора Института проблем горения. З.А.Мансуров – выдающийся ученый в области химической физики процессов горения и нанотехнологий. Трудовая и общественная деятельность Зулхаира Аймухаметовича по заслугам оценена высокими наградами: Госпремией РК в области науки и техники; премией им. К.И.Сатпаева за лучшие научные исследования»; орденами «Құрмет» и «Парасат»; медалью Академии наук РФ «За заслуги перед высшей школой»; медалью ЮНЕСКО «За вклад в развитие нанонауки и нанотехнологий»; премией «Алтын адам». Сегодня, на кануне 75-летия газеты «Қазақ университеті» и 90 летия alma mater мы беседуем с профессором кафедры химической физики и материаловедения, проректором по научной работе (1992–1998) и первым проректором КазНУ им. Аль-Фараби (2001–2010) Зулхаиром Мансуровым.**



**Профессор Зулхаир МАНСУРОВ:**

## И вот прошло девяносто лет, почти Век...

**– Зулхаир Аймухаметович, вы с 1963 года в этих стенах трудитесь. Без малого 60 лет! С тех пор много воды утекло, многое изменилось, сами стали знаменитым ученым. Кого из своих преподавателей назвали бы, кто проложил вам путь к большой науке?**

– Могу сказать, что это большое счастье – слушать коллег химической науки: Б.А.Беремжанова, М.Т.Козловского, М.И.Усановича, Д.В.Сокольского, О.А.Сонгину. Я с удовольствием вспоминаю, как на 2-м курсе академик М.Т.Козловский читал нам курс аналитической химии. Он был природным педагогом. Его лекции были содержательными, читал он с глубоким знанием, приводил комментарии из своей практики. Я счастлив, что слушал его поистине философские, классические лекции. Запомнились также лекции и практические занятия профессора В.Ф.Сергеевой, доцентов В.А.Миркина, Е.В.Абрамова, С.А.Юсупова, Л.Н.Крупенниковой, О.Т.Пашининой, Л.А.Кадушкиной.

**– Они стояли у истоков истории КазГУ, создали научную базу университета. За это время насколько поднялся научно-технический потенциал учебного заведения?**

– В 1934 году в здании бывшей Верненской гимназии начал свою работу КазГУ на двух факультетах – биологическом и физическом. Учебную и научную работу в то время вели 25 преподавателей, среди которых 5 профессоров и 10 доцентов. ... И вот прошло девяносто лет, почти век... Сейчас КазНУ им. Аль-Фараби имеет мощный научный потенциал, является крупнейшим научно-образовательным центром страны. История вуза, высокий профессионализм ученых и преподавателей, талантливые студенты составляют основу глобальной конкурентоспособности университета. В КазНУ сформировалась уни-

кальная научно-инновационная инфраструктура, состоящая из 16 факультетов, 8 научно-исследовательских институтов, 29 научных центров и технопарков, 97 производственных филиалов, 125 лабораторий. Ежегодно на конкурсной основе учеными университета реализуются более 400 научно-технических проектов и программ по фундаментальным и прикладным научным исследованиям, а также программ целевого финансирования общим объемом 8,1 миллиардов тенге. Наш университет славится своими научными кадрами: здесь трудятся 22 академика НАН РК, МАН РК, АН РК, 11 членов-корреспондентов НАН РК, 14 лауреатов Государственной премии РК в области науки и техники, около 600 докторов наук и 500 PhD, более 800 кандидат наук.

**– За последние 30 лет какие были изменения в системе образования Казахстана?**

– Система образования Казахстана на начало 90-х годов XX века, – это достижения советской высшей школы, где много внимания уделялось развитию фундаментальности образования и фундаментальным наукам. Но все течет и все меняется. Ныне Казахстан – суверенное государство, хотя наша система образования тоже стала суверенной, она зависима от ряда обстоятельств. Это проявляется, во-первых, в том, что система образования обречена на процесс интегрирования в мировую образовательную систему, а ученые Казахстана развивают международное научно-техническое сотрудничество. Во-вторых, началась и неуклонно продолжается перестройка деятельности ученых, вынужденных повернуться лицом к практике, отойти от прежней системы научной работы. В-третьих, исследователь теперь стремится воплотить свои разработки в практику и продолжает участвовать в этом процессе от начала до внедрения в производство.

**– Быть первым проректором многому обязывает? Какие важные работы вами выполнены?**

– В соответствии с должностными инструкциями он курирует несколько факультетов – химический, востоковедения, международных отношений, подготовительный, а также Службу международного сотрудничества, Компьютерный центр, издательство «Қазақ университеті» и некоторые подразделения ректората. Первый проректор представляет университет на многих уровнях, отвечает за международное сотрудничество, принимает иностранные делегации. Авторитет нашего университета всегда был очень высоким, но в контексте интеграции казахстанского образования в мировое образовательное пространство многие научные и учебные организации хотят заключить с КазНУ договоры, контракты, соглашения. Как первого проректора при моем непосредственном участии реализованы много международных проектов имеющие для КазНУ особое значение. Например, создание нового учебного заведения – Казахстанско-Индийского центра информационных технологий, открытие совместно с Ланчжоуским университетом (КНР) Центра Конфуция, китайского языка, организация Центра казахского языка в Московском государственном лингвистическом университете, а также организованы шесть научно-исследовательских институтов, научно-технологический парк, музей КазНУ и тд. В 2010 году я закончил административную работу – 15 лет работы проректором по научной работе и первым проректором КазНУ им. Аль-Фараби.

**– Один из важных периодов в истории университета – это строительство КазГУграда. Расскажите, как все начиналось?**

– В период ректорства Аскара Закарина, в 1953 году вс-

тал вопрос о строительстве в будущем университетского городка, и Аскар Закарьевич с энтузиазмом взялся за это дело со своими соратниками. Обследали территории на окраине Алматы и выбрали место, где сейчас располагается КазГУград. Затем была кропотливая работа по подготовке проектно-сметной документации для утверждения в правительстве КазССР и Советского Союза в Москве. В Летописи КазГУ приведены: Постановление ЦК КП Казахстана и СМ КазССР от 17 июня 1966 года «О строительстве комплекса учебно-производственных и жилых зданий КазГУ имени С.М.Кирова»; Постановление СМ КазССР от 6 августа 1966 года «Об отводе земельного участка под строительство комплекса зданий КазГУ имени С.М.Кирова». Далее, сами знаете, строительство городка завершил знаменитый ректор Умирбек Арисланович Джолдасбеков.

**– Зулхаир Аймухаметович, что можете сказать о ректорах, с которыми вам доводилось сотрудничать?**

– С 1991 по 2001 год ректором университета являлся доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, заслуженный деятель науки и техники РК Купжасар Нарibaев. В мае 1992 года был назначен проректором по научной работе. За годы ректорства он сохранил и приумножил славные традиции университета, добился присвоения университету имени великого ученого и просветителя востока аль-Фараби и статуса национального университета. Купжасар Нарibaевич внес большую лепту в организацию международной сети сотрудничества университетов Европы и ЦА.

2001–2008 годы КазНУ возглавлял доктор физ-мат.наук, профессор, лауреат Госпремии РК, академик НАН РК Толеген Кожамкулов. В период его работы университет поднялся на высокий международный уровень. В 2003 году Толеген Абдисагиевич подписал в

городе Болонья (Италия) Великую хартию университетов. Тем самым КазНУ стал первым вузом Казахстана и ЦА – полноправным участником Болонского процесса, проложив дорогу к непосредственной интеграции высшей школы Казахстана в современное мировое образовательное пространство. По инициативе Толегена Абдисагиевича и при поддержке Президента РК Н.А.Назарбаева начато строительство II этапа КазГУграда.

2008 году ректором КазНУ был назначен доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, лауреат Госпремии РК, заслуженный деятель Казахстана Бакытжан Турсынович Жумагулов. Тогда перед университетом стояли важные за-

дачи. Глава государства дал ряд поручений новому руководству, и университет в буквальном смысле преобразился. Была выстроена новая система управления, полностью внедрена кредитная система обучения, модернизирована инфраструктура, в КазГУграде велась большая стройка. Был построен Музей университета. Наш вуз первым в Казахстане осуществил международную аккредитацию специальностей магистратуры, университет улучшил свои позиции в международном образовательном и научном пространстве.

За годы под руководством академика Галимкаира Мутановича Мутанова (2010–2021 гг.) КазНУ достиг больших успехов и занимал в рейтинге университетов мира QS 165-е место.

В феврале 2021 года ректором университета назначен доктор филологических наук, профессор Жансеит Кансеитович Туймебаев, выпускник нашего университета, имеющий богатый научно-педагогический и государственный опыт. Первые шаги профессора Ж.К.Туймебаева направлены на повышение уровня университета и улучшение социальных условий студентов и преподавателей университета. Недавно ректор встретился с Президентом Касым-Жомартом Токаевым в преддверии 90-летия КазНУ. Хочу пожелать ректору Жансеиту Кансеитовичу творческих успехов и плодотворного осуществления задуманных планов.

В конце интервью хочу поздравить всех коллег поздравить с 90-летним юбилеем КазНУ имени Аль-Фараби и 75-летием нашей газеты «Қазақ университеті!» Желаем вам здоровья, процветания и творческих успехов!

**– Зулхаир Аймухаметович, спасибо вам за содержательную беседу и поздравления!**

**Беседовал  
Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

Әділхан ӘБІЛДАЕВ, Теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры

# Еңбек кітапшамда тек ҚазҰУ жазылған

**Мен 1938 жылы 10 тамыз күні дүниеге келіппін. Туған жерім – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы Каганович атындағы колхоз (қазіргі аты Ақши ауылы). Алматы – Шелек – Нарынқол күре жолының бойында Алматыдан 60 шақырым жерде орналасқан. Каганович атындағы жеті жылдық мектепті 1953 жылы бітіріп, Түрген педучилищесіне түстім. Училищені 1957 жылы қызыл дипломмен бітіріп, ҚазМУ-дың физика-математика факультетінің физика бөліміне оқуға қабылдандым. Бұл бөлім 1959 жылы «факультет» статусына ие болды.**

Аталған университеттің физика факультетін 1962 жылы бітіріп, жолдамамен осы факультеттің ғылыми-зерттеу лабораториясына инженер деген қызметке орналастым. Сөйтіп, ғылыми-зерттеу жұмысына қызу кірісіп кеттім. Физика-математика ғылымының кандидаты атағына ие болдым. Бір жылдан кейін доцент атағын алдым. Факультеттің белді қызметкері болып, студенттерге өзімнің «Ядролық физика және элементар бөлшектер» мамандығы бойынша сабақ бердім.

Бүгінгі таңда университет ұлттық университет атағына ие болды. 1957 жылы университеттің студенті болып қабылданғаннан бері осы университеттен басқа еш жерге жұмысымды ауыстырмадым. Еңбек кітапшамда өмір бойы тек осы университетте қызмет еткенім жазылған. ҚазҰУ-дан басқа жерлерде болсам, тек қана осы университеттің атынан іссапарға шығып, жұмыс-

тар жүргіздім. Ресейдің бүгінгі күнде белгілі 87 субъектісінің (22 республика + 9 өлке + 48 облыс + 4 автономдық округ + 1 автономдық облыс + 3 федералдық статусы бар қала (Мәскеу, Санкт-Петербург, Севастополь) жартысына жуығында болған шығармын. Иссапармен Украина, Белоруссия, Литва, Латвия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Алжир, Франция, Германия, Канада, Исландияда болдым. Осылардың ішінде Алжирде үш жыл (1985-88 жж.) Мсила университетінде француз тілінде сабақ бердім. Жалпы, еш қиналмай үш тілде (қазақ, орыс, француз) сабақ беріп, әртүрлі коммуникациялар жасай аламын. Ал базарда қарапайым елмен шамамен 25 тілде сөйлесе аламын. Осының бәрі мені оқытып, білім берген, адам етіп шығарған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің арқасы деп білемін. Осы университеттің ұжымына шексіз алғысымды білдіремін.



Міне, биыл менің университет табалдырығын аттап кіргеніме 67-ші жылға аяқ басыпты. 66 жылда әртүрлі жағдайлар болды. Университетте мені жас балаша қорғап, қоршап, «әй, оны қорқытып сөйлемдер, жас қой, келешегіне балта шабылып кетпесін» деген адамгершілігі өте жоғары ағаларды көрдім. Соларға басымды иемін. Бір мысал келтіре кетейін. 70-жылдардың басы болар, Әмірбек Арысланұлы Жолдасбеков ағамыз ректор еді. Мен әлі қорғаған жоқпын, аға оқытушы кезім. Күндіз-түні бар ойым да, арманым да диссертацияны тамамдап, қорғау. Педагогикалық жүктеме – биофакта жалпы физикадан дәріс оқимын. Ме-

ні ғылыми жұмысымда пайдаланып жатқан құралдарым бірінен кейін бірі істен шығып, не істерімді білмей жүрген кезім. Матфактың корпусындағы дәріске бару керек. Бардым, дәрісті бастап, тездетіп оқып, студенттерге «ал, осымен сабақ бітті, қайта беріңдер» деп борды орнына қойып, корпустан ытып шығып, 5 минутта өзімнің корпусқа жүгіріп кіріп, коридормен келе жатырмын. Деканаттың тұсынан өте бергенде, ашық тұрған есіктен деканның орынбасары, ағамыз Ұлан Хусаинұлының «Әділхан, тоқта» деген даусы естілді. Кілт тоқтап, есіктен қарасам, ағамыз мені саусағымен өзіне кір деп шақырып отыр. Амандасып, кіріп келдім. Сағатына қарап, иә, бәрі дұрыс. «Сабақты 20 минут ерте бітіріп, студенттерді таратып жібердім де» деп тұр. Тілім байланып қалды. «Ағай» деп бірдеңе айтпайын деп едім, «Ештеңе керегі жоқ. Жүр ректорға, ол сені күтіп отыр», – деді.

Үндемей ректоратқа қарай көшеде келе жатырмыз. Әңгіме былай болыпты: ректор Әмірбек Жолдасбеков Ұлан Хусаинұлына телефон соғып: «Әбілдаев сабағын 20 минут ерте бітіріп, студенттерді таратып жіберді. Бір бес минутта физфакқа баратын шығар. Оны аңдып отырып ұстап, маған алып кел», – депті. Сөйтіп, ректордың кабинетіне кіріп келдік. Ректор гүрілдеген даусымен: «Ал,

жолдас Әбілдаев, түсіндіріңіз, неге сабақты ерте бітірдіңіз? Сізге кім рұқсат берді?» – деді. Мен есім шығып, не дерімді білмедім. «Ағай, кешіріңіз. Менен қателік кетті», – дей бердім. Ректор: «Жолдас Әбілдаев, сіз боссыз, жүре беріңіз. Ал, Ұлан Хусаинұлы, сіз қалыңыз», – деді. Мен шығып кеттім. Ары қарай бәрі түсінікті. Бас айналып, аяқ шалыс басылып факультетке жеттім.

Кешке қарай факультетке Ұлан ағамыз да келді. Менің лабораторияма кіріп күлімсіреп: «Ағай сені кешірді. Тек енді қайталама мына тірліңді. «Сөгіс беруге болмайды. Ол әлі жас қой. Өміріне балта шабуға қимаймын. Бір жолға кешірейік», – депті. Әңгіме былай болыпты: биофактың бір студенті біздің министрлікте істейтін бір әйелдің қызы екен. Ол қызына «мұғалім жаман сөз айтса немесе ұрысса факультет деканатына кіріп, маған звонда» деп айтып қойған екен. Қыз шешесіне бос жүргенін айтып звондай салыпты. Шешесі бірден Өмекеңе звондапты. Міне, әңгіменің ашығы осы. Шешесінің ойы – мұғалім кейін қызына жақсы баға қоймай жатса, оны қорқытамын» деген амалы екен. Бұл оқиғаны университет мені алақанына салып мәпелеп өсіргенінің дәлелі деп айтып отырмын. Мен университетімді атам мен амамдай көріп, оған қарыздармын деп білемін.

# Ватикан мұрағатында түркі әлемін зерттеуде

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымының докторы, Дүниежүзі тарихын зерттеу жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, академик Қалқаман Жұмағұлов Римде (Италия) ғылыми іссапарда.**

Бұл профессор Қалқаман Тұрсынұлының әйгілі Biblioteca Apostolica Vaticana кітапханасында жұмыс істеу үшін Ватиканға алғашқы сапары емес. Тарихшы ғалым «Ватиканның Батыс тарихи-мұрағаттық дереккөздері мен материал-

дарындағы Еуразияның түркі әлемі (V-XIV ғғ.)» бағдарламасы бойынша Ғұндар мемлекетінің, Түркі қағанаттарының, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда тарихына қатысты деректермен жұмыс істеуде. Сонымен қатар Бейбарыс билігі кезіндегі Мамлюк сұлтандығының, Ұлы Жібек жолындағы шығыс пен батыстың қарым-қатынас тарихы туралы жаңа мәліметтерді анықтауда.

Ватикан кітапханасы мұрағатындағы бұл дереккөздердің көп бөлігі латын тілінде берілген. Онда Рим папаларының хат-хабарлары, шежірелер, саяхатшылардың, миссионерлердің әңгімелері мен жазбалары және басқа да си-



рек кездесетін көне кітаптар сақталған. Профессор Қалқаман Тұрсынұлы Vaticani latini қолжазбалар залындағы бұл материалдарды жинақтап, талдап, қазақ тіліне аударуда.

Ғылыми іссапар аясында ҚазҰУ ғалымы Қалқаман Жұмағұлов жоғары рейтингте тұрған әлемнің беделді оқу орындарының бірі – Ла Сапиенца университетінде (Sapienza Università di Roma) кездесулер өткізді.

Ла Сапиенца университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ екіжақты меморандумға сәйкес, қос диплом бағдарламасы бойынша «Дүниежүзі та-

рихы» мамандығына магистрлерді даярлайды. 2023/24 оқу жылында аталған бағдарлама бойынша ҚазҰУ-дың үш магистранты – Гүлинұр Дәуітова, Әнел Қазбаева, Әділет Әмірханов Италияда білімін жетілдіруде. Ал ҚазҰУ-да Ла Сапиенца студенті Мелисса Гуола білім алууда. Алдағы уақытта студенттер алмасу жалғаса береді.

Қалқаман Жұмағұлов Ла Сапиенца студенттерінің алдында баяндама жасап, тарих ғылымын зерттеудегі өз тәжірибесімен бөлісті. Кездесуде итальялық білім алушылар Қазақстан мен Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті, сондай-

ақ ҚазҰУ-дағы оқыту жүйесіне қызығушылық танытты.

Профессор Қ.Жұмағұлов түркі әлеміне қатысты еуропалық ғалымдардың Еуразия мен Орталық Азияда жүргізген итальян, ағылшын, неміс және француз тілдеріндегі бірегей зерттеулерінің библиографиясын жасау бойынша белсенді еңбек етуде. Бұл жұмыстар осы уақытқа дейін қазақстандық тарих ғылымында ғылыми айналымға енген. Тарихшы ғалым библиография материалдарын Ватикан мұрағатымен қатар, Италияның ең ірі Biblioteca Universtitaria Alesandrina (Рим) кітапханасы қорынан алууда.

Кітапхана директоры, доктор Даниэлла Фугаро ҚазҰУ ғалымына кітап сақтау қорлары бойынша қажетті кеңестер беріп, құнды деректерге қол жеткізуге көмек көрсеткенін атап өтуіміз керек.

Сонымен қатар ғылыми іссапар аясында Қалқаман Жұмағұлов Тарих, антропология және дін департаментінің директоры, профессор Гаэтано Леттиеримен, профессор Фабио Грассимен, ислам және түркология бойынша маман Федерико де Ренцимен және т.б. ғалымдармен кездесу өткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



# Шабыт сыйлаған Мәскеу сапары

**Мәскеу қаласында «Мәнерлеп оқу және шешендік шеберлік» тақырыбында Ресей халықтар достығы университетінде халықаралық студенттік конкурс өтті.**



Конкурсқа Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Беларусь, Армения, Башқұртстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ресей, Өзбекстан, сондай-ақ Ресей халықтар достығы университетінде оқып жатқан түрлі ұлттар өкілі саналатын студенттер қатысты. Ресей Федерациясы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «2023 жыл – орыс тілі жылы» аясында ұйымдастырылған бұл конкурстың мақсаты – орыс тілінде шебер сөйлейтін студенттер арасында мәнерлеп оқу мен шешендік шеберлікті жетілдіру, дамыту, түрлі ұлт өкілдері студенттерінің басын қосып, достықты, ынтымақтастықты нығайту, насихаттау.

Екі күнге созылған конкурста тоғыз мемлекеттен келген 56 қатысушы «Пушкин», «Цветаева», «Айтматов», «Булгаков», «Ахматова», «Янка Купала» топтарына бөлініп, білімін, ептілігін, шеберлігін, тапқырлығын сарапқа салды. Конкурстың салтанатты ашылуынан соң, I кезеңде жан-жақтан келген студенттер «Өзін-өзі таныстыру» бөлімі бойынша сайысқа түсті. Осы кезең нәтижесінде жарысқа әр қатысушының сөйлеу мәнеріне, өзін сахнада ұс-

тауына көңіл бөлінді. II кезең – «Суырыпсалмалық» бойынша әр топқа орыс ертегілерінен үзінді ретінде жеке тапсырмалар берілді. Ертегі желісі бойынша шағын көрініс қойылды. Мақсат – қатысушылардың тіл байлығын дамытып, қиялын ұшқырлау, суырыпсалмалық, шешендік өнерін байқау. III кезең – «Әдеби Мәскеу» квесті. Әр топ арнайы бөлінген филолог жетекшілермен Мәскеудің көрікті жерлерін аралап, түрлі әдеби сұрақтарға жауап берді. Қатысушылардың жылдамдығы, ой ұшқырлығы, әдеби білімінің тереңдігі сарапқа салынған бұл кезең шын мәнінде шығармашылық әлеуетті көрсетті. Конкурсқа Ресей халықтар достығы университетінің оқытушы-профессорларымен қатар, шешендік, сөйлеу мәдениетімен айналысатын мамандардан құралған қазылар қазылық өтті.

Конкурс соңында қатысушылар мен қонақтарды театрға, «Ничего не бойся, я с тобой» спектаклін тамашалауға шақырды.

Аталған конкурсқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінен «Қазақ филологиясы» мамандығының 4-курс студенті Гүлім Аспандиярова, «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті Әлия Жұмасаева қатысты. Студенттерге өзін жетекшілік еттім. Гүлім Нұрланқызы «Әдебиет. Міне, менің сүйгенім» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды. Студенттеріміздің осындай жарыстарда жарқырай көрініп, топ жарып шыққаны бізді сүйсітті.

Әр қатысушыға университет тарапынан түрлі сыйлықтар табысталып, алғыс хатпен марапатталды. Біз де өз тарапымыздан университет атынан әл-Фараби бабамыздың бейнесі тоқылған кілемше сыйладық. Жалпы, конкурстан алған әсер шексіз. Студенттеріміз үшін де бұл ерекше эмоцияға толы сапар болды деп айта аламыз. Жаңа таныстықтар, жаңа мүмкіндіктер, айрықша сезімдер студенттерімізді жаңа биіктерге жетуге талпындыратын күш сыйлады.

**Бақытгүл ҚҰЛЖАНОВА,**  
А.Байтұрсынұлы атындағы  
Қазақ тіл білімі  
кафедрасының доценті

Шараның марапаттау салтанатында қазылар алқасының төрағасы Берік Аташ қатысушы студенттердің білімі мен шығармашылығын, топтық ауыз-біршілігі мен білігін, ұжымдық қабілет-қарымын және еркін, креативті ойлау деңгейін бағалап, келіп жеткен философ-

**ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің үлкен залында Аманжол Қасабеқұлының 80 жылдығы мен Бүкіләлемдік философия күніне арналған «Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» апталығының аясында «Дала өркениетіндегі философиялық ойлардың ерекшелігі» тақырыбындағы командалық пікірталас өтті. Шараға философия мамандығының 3-курс студенттерінен құралған топтар қатысты.**

# Жеңіске ұмтылған жас философтар

Пікірталас кезінде философия студенттерінен құралған «Сансара», «Идеалистер», «Жалын», «Еркіндік» атты командалар сайысқа түсіп, өзара бақ сынасты. Жарыс барысында барлық командалар қабілеттерімен өте жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Кафедра ұстаздары – философ. ғ.д., доцент міндетін атқарушы Б.Аташ, философ. ғ.к., аға оқытушы А.Нығметова, философия докторы (PhD), аға оқытушы Д.Балабекұлы, PhD, оқытушы Д.Пернебековалар сайысқа қазылық жасады.

Атаулы топтық сайыс төрт кезеңді қамтыды. Әр кезеңде қатысушылар өзара бақ сынасып, жеңіске деген ұмтылыстарын көрсетті. Қазылар алқасы әр сайысты 10 балдық бағалау жүйесімен есептеді. Алдымен студенттер арнайы топтық таныстыру ұраны арқылы көпшілікке өз командаларын баяндады. Одан кейінгі кезеңде әр командалар көрініс немесе түрлі әдістер арқылы атақты философтарды жасыру айдарын өткізді. Ал келесі ке-



зең топтық өнер сайысына жалғасып, командалар өз өнерлерін ортаға салды. Соңғы шешуші кезең сұрақ-жауап айдарымен қорытындыланды. Онда әр топқа екі сұрақтан қойылып, ойлануға үш минуттан берілді. Топтар сайыста алғырлық танытып, сан түрлі сұрақтарға жауап беру арқылы қазылар алқасының оң бағасына ие болды. Жарыс барысында өзге командалардан бір адым алға шығып, өз қабілеттерімен топ жарып, жоғары бағаланған «Сансара» командасы жеңіске жетті.

тардың айтулы күнімен шын жүректен құттықтады.

Берік Мұратұлы сайыста оқ бойы оза шыққан «Сансара» командасын арнайы дипломмен марапаттап, шара ұйымдастырушыларына алғысын білдірді. Сайыс соңы студенттердің арнайы дайындаған музыкалық композициясы қорытындылады.

**Жадыра ҚАЗИЕВА,**  
Философия кафедрасының  
оқытушысы  
**Жанель БҮРКІТБАЙ,**  
Философия кафедрасының  
3-курс студенті

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина факультетінде THE WHITE COAT CEREMONY – «Ақ халат табыстау рәсімі» өтті. Салтанатты жағдайда медицина факультетіне биыл оқуға түскендерді студенттер қатарына қабылдап, ақ халаттар табысталды.**

# Болашақ дәрігерлерге ақ халат табыстау рәсімі өтті



Рәсім жоғары медицина мектебінің тұсаукесерінен басталды. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Сәбит Суатай және медицина факультетінің деканы Раушан Исаева студенттерді құттықтап, медициналық білімді игерудің үлкен жауапкершілігін атап өтті.

Іс-шара аясында жоғары медицина мектебінің қызметкерлеріне алғыс хаттар, сондай-ақ медицина және денсаулық сақтау факультетінің үздік студенттеріне атаулы стипендиялар табыс етілді.

Бүгінгі таңда факультетте сапалы білім беру үшін барлық жағдай жасалған. Факультетте халықаралық стандарттар мен жаңа ғылыми жетістіктер негізге алынады. Тәжірибелі оқытушылар білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлерінде – бакалавриат, магистратура және докторантурада медицина кадрларын даярлауды жүзе-

ге асырады. Факультет құрылымында екі мектеп жұмыс істейді: қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі және медицина жоғары мектебі, сондай-ақ «Инновациялық денсаулық сақтау» ғылыми-тәжірибелік орталығы.

Бүгінгі таңда факультетте Түркия, Ауғанстан, Йемен, Иордания, Иран, Ирак, Кения, Пәкістан, Палестина, Сирия, Үндістан, АҚШ, Қытай, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан және Түрікменстан студенттері оқиды.

Көшбасшы университет құрамында факультеттің өзіндік клиникалық базалары бар: Клиникалық-диагностикалық орталығы, Алматы қаласының №1 қалалық ауруханасы.

Студенттердің жалпы саны 2000-нан асады, оның ішінде 22 елден 1000-нан астам шетелдік студенттер бар. Факультет түлектері ірі жеке және мемлекеттік медициналық ұйымдарда табысты жұмыс істейді.

**Гүл БАЯНДИНА**

**БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенттері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің «Antikor ortalgy» алаңында өткен Ашық есік күніне қатысты.**

# Сыбайлас жемқорлық мәселесі талқыланды



Іс-шараға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Превенция басқармасы басшысының орынбасары Уәлихан Құрамаев арнайы қатысты. Сондай-ақ шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің Мемлекет және құқық, конституциялық және өкімшілік құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Үсейінова, кафедраның аға оқытушысы Альбина Бискультанова, фа-

культет студенттері және агенттік қызметкерлері қатысты.

Кездесу барысында жемқорлықты жою және алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу, студенттер қоғамдастығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу мақсатында сыбайлас жемқорлық проблемаларын зерделеу мәселелері талқыланды. Спикер ретінде сөз сөйлеген агенттік қызметкерлері жастардың көптеген сауалдарына жауап берді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

14-15 ноября 2023 года в штаб-квартире ЮНЕСКО в г. Париже прошел 13-й молодежный форум ЮНЕСКО, где наш Казахстан и Казахский национальный университет имени Аль-Фараби представила старший преподаватель, PhD кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию Танабекова Гулжанат. Целью молодежного форума ЮНЕСКО является сосредоточение на социальных последствиях изменения климата и необходимости достижения справедливого перехода к изменению климата.

## Молодежный форум в штаб-квартире ЮНЕСКО

Молодежный форум ЮНЕСКО, организованный сектором социальных и гуманитарных наук, предоставляет молодежи возможность участвовать в дискуссиях и дебатах, а также делиться своими рекомендациями и решениями с государственными членами во время Генеральной конференции ЮНЕСКО. В последние годы молодым людям стало ясно: изменение климата ставит под угрозу их будущее. Наряду с экологическим ущербом, социальные последствия изменения климата должны быть в центре дискуссий, если мы хотим добиться справедливого изменения климата. Молодые люди являются ключевыми участниками внедрения инноваций, необходимых для достижения справедливого изменения климата, и чрезвычайно мотивированы к этому. Однако им часто не хватает ресурсов и пространства для воплощения своих идей в эффективные действия и полной реализации своего потенциала. Этот форум даст молодым инициаторам перемен возможность быть услышанными теми, кто формирует политику. Участниками международного форума является выдающаяся молодежь Африки, Европы и Азии, Латинской Америки и Карибских островов.

Следует отметить достижения Гулжанат Бахытовны и показать, что ее кандидатура в представители молодежи от Казахстана на международный молодежный форум выбрана по достоинству. В 2009-2013 годах обучалась в КазНУ им. Аль-Фараби по специальности «5В060800-Экология» и окончила ее с красным дипломом. В 2013-2015 годах поступила на грант в магистратуру по специальности «6М060800-Экология» и окончил магистратуру с отличием. В 2017-2020 годах обучалась в докторантуре по специальности «6D060800-Экология», в 2022 году успешно защитила докторскую диссертацию и получила степень доктора философии. Также в этом году она выиграла проект «Молодой учёный», финансируемый Министерством образования и науки, и поступила в постдокторантуру Института зоологии и получив возможность продолжить научную работу. В настоящее время ею опубликовано более 40 научных статей, а также 1 учебно-методическое пособие, полу-



чено 1 авторское свидетельство.

В 2021 году Танабекова Г.Б. награждена знаком «Лучший молодой учёный – 2021» и дипломом 1 степени. Кроме того, она награждена знаком «Лидер общества – 2021» и дипломом 2 степени. В 2022 году награждена знаком СНГ «100 новых людей-2022» и дипломом первой степени. Организатором конкурса выступило объединение юридических лиц Ассоциации национального движения «Бөбек». Достижения Гулжанат Бахытовны «100 новых лиц СНГ-2022» опубликованы в I книжном сборнике международной энциклопедии талантливых лидеров. Наша современница, стремящаяся выучить множество языков, сейчас освоила 4 языка (казахский, русский, английский, турецкий) и имеет сертификаты английского языка (IELTS – 5.5, TOEFL ITP – 467). За тесное сотрудничество и большой вклад в движение «Невада-Семей» Гулжанат Танабекова в 2021 году награждена юбилейным золотым наградным знаком Международного антиядерного движения «Невада-Семей».

С уверенностью можно сказать о том, что форум послужит свидетельством жизненно важной роли, которую современная молодежь играет в борьбе с изменением климата, обеспечении справедливого перехода и защите нашего общего будущего. Это больше, чем собрание, это призыв к действию, призванный привести к немедленным действиям.

**Турсынкул БАЗАРБАЕВА,**  
к.г.н., заведующая  
кафедрой ЮНЕСКО по УР  
**Акнур ЖОЛДАСБЕК,**  
преподаватель кафедры

## Международный симпозиум посвященный 90-летию КазНУ

Недавно в факультете химии и химической технологии был проведен XIV международный симпозиум «Горения и плазмохимия. Физика и химия углеродных и нанозергетических материалов» посвященный 90-летию КазНУ имени Аль-Фараби. На мероприятии присутствовали ученые из различных стран, включая Россию, Южную Корею, Китай, Германию и Марокко. Было представлено 14 пленарных и 15 устных, а также 25 постерных докладов. В симпозиуме также приняло участие более 20 ученых из 6 стран мира и более 50 молодых ученых КазНУ имени Аль-Фараби.



С приветственной речью при открытии симпозиума выступили председатель орг. комитета симпозиума профессор Мансуров З.А., генеральный директор РГП «Института проблем горения» КН МНВО РК, профессор Надиров Р.К., декан факультета химии и химической технологий Галеева А.К. Программа симпозиума включала в себя различные направления исследований, связанных с теорией горения, структурой пламени, самораспространяющимся высокотемпературным синтезом, кинетикой и механизмами химических реакций. Также в рамках симпозиума обсуждались вопросы образования сажи и фуллеренов в процессах горения, при-

менение углеродных материалов, а также наноматериалов и нанотехнологий.

Особое внимание уделялось применению наноматериалов в энергетических системах, также обсуждались вопросы нанобиотехнологии, математического моделирования химических процессов, а также химии плазмы и горения, включая как фундаментальные, так и прикладные аспекты термических процессов в нефте- и газопереработке. Например, профессор Ruiqi Shen из Китая рассказал о методе и применении микрофлюидики для синтеза и производства энергетических материалов, а профессор Weon Baе Ko из Кореи прочитал доклад о синтезе гибридных биметаллических

цеолитоимидазолатных карбонатов к наночуглеродным композитам и их фотокаталитическое применение в условиях светодиодов. Отдельного упоминания заслуживает доклад профессора В. Быкова из Германии – «Испарение и разложение мочевино-водного раствора для селективного каталитического восстановления NOx».

Симпозиум был организован при поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. Организаторами симпозиума являются РГП при ПХВ «Институт проблем горения» КН МНВО РК, КазНУ им. Аль-Фараби, Казахстанско-Британский технический университет.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

## Научный семинар с участием работодателей

Кафедра китаеведения факультета востоковедения провела II городской семинар-практикум по проблеме синхронного перевода.

Главной особенностью данного семинара-практикума было то, что наряду с преподавателями, докторантами и магистрантами нашего факультета, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Международной академии бизнеса и Международного казахско-китайского языкового колледжа, на семинаре также принимали участие работодатели из Китая: топ-менеджер компании Hengan Tianzhong Landscape Design Engineering Co. Ltd. господин Цзян Бинью и топ-менеджер компании Beijing Originwater Technology Co. Ltd. господин Сюй Ли. Данный семинар – это уже второе мероприятие из цикла, состоящего из 5-и семинаров, стартовавшего 15 ноября 2023 г. Семинары разработаны на базе дисциплин «Инновационные технологии и методология обучения переводу» и «Современные переводческие концепции», которые читает в магистратуре и докторантуре автор этой статьи.

Совместная работа в коллаборативной среде – это отличный способ развития активности магистрантов, изменения способа их мышления, воспитания социальных и моральных навыков: способности работать в команде, принимать групповое решение



и нести ответственность за него, стремиться получить новые знания. Именно итоги такой совместной работы были продемонстрированы автором-модератором и её учениками во время научного семинара-практикума. Основной целью семинара является обобщение и внедрение педагогического опыта ППС кафедры китаеведения, а также ознакомление всех желающих с теоретическими основами синхронного перевода и продемонстрировать на практике, какими навыками должен обладать практикующий синхронный переводчик.

В основной части семинара-практикума выступила магистрант 1-го года обучения Саденова Алима, которая подробно рассказала о грамматических и стилистических аспектах синхронного перевода, о переводческой трансформации отрицательных частиц, особенностях перевода союзов, предлогов, числительных и имён собственных; а также о процедурной терминологии приведении деловых переговоров. Магистрантка

1-го курса Ван Линлин осуществила последовательный перевод речи лектора, продемонстрировав при этом стилистические особенности этого одного из сложных видов устного перевода. Иностранные гости семинара, господин Цзян и господин Сюй, с точки зрения работодателей, дали ценные советы выступавшим студентам. Они отметили, что быть выносливым (так как переговоры могут занимать более 3-4 часов), обладать интеллектуальной гибкостью (умение применять технологии для ускорения перевода и повышения качества) также являются важными качествами, которые работодатель требует от переводчиков.

Участники семинара отметили, что подобные научные семинары-практикумы укрепляют статус КазНУ им. Аль-Фараби, как исследовательского университета.

**Фатима ДАУЛЕТ,**  
и.о. профессора кафедры  
китаеведения  
факультета  
востоковедения

Мәди ЖАҚСЫЛЫҚ:

# Мобилография саласы ертеректен қызықтырды

**Кішкентайынан алдына мақсат қойып, сол жолда ізденіп, тәжірибе жинап, қазір айтарлықтай табысқа жеткен жастарымыздың бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 2-курс студенті Жақсылық Мәдимен әңгімелестік.**



– Мәди, мектеп кезінде өзіңізді қай саланың маманы ретінде көре бастадыңыз? Қандай қызығушылықтарыңыз болды?

– 10-сынып оқып жүргенімде видео түсіруге қызыға бастадым. Мектепте өтетін түрлі байқау, іс-шараларды түсіріп, қоғамдық орталарда жиі бой көрсетіп жүрдім. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ресми мобилографымын. Менің жасаған видео түсірілімдерім Farabiuniversity парақшасына шығып тұрады.

– Мобилографияға қалай келдіңіз?

– Бірінші курс оқып жүргенімде жатақханада тұрып, студенттік қызықты шақтарымды өткердім. Мені осы мобилография арқылы табыс табу, кәсіби маман ретінде жетілу жолы қызықтырды. Еліміздегі ірі кәсіп-

керлік орталықтардың тіркелген бас штабында жарты жылға жуық қызмет атқардым. Осы kexgroup парақшасын жүргізу негізінде көп тәжірибе жинадым деуге болады.

– Видеоға түсіруде сізге не қиындық тудырады?

– Негізінен, әр жұмыстың қиындығы оны бастауда деп ойлаймын. Маған видеоны монтаждау қызықты, бірақ сол жұмысты бастау қиын. Дегенмен өзіңізге ұнайтын мамандықпен айналыссаңыз, қанша ұзақ уақытты алғанымен, оны

шабытпен, бар махаббатыңызбен жасайсыз.

– **Адамға мотивация беретін, оқыған сайын жанданатын, адамға қанат бітіретін сөздер болады ғой. Сіз күмнің айтқанына құлақ түресіз?**

– Бауыржан Момышұлының «Дос пен дұшпанға сыр берме» деген нақыл сөзін ұстанамын. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызын», Бауыржан атамыздың «Ұшқан ұясын» оқып жатырмын. Осы кісінің нақтылығы, турашылдығы, шыншылдығы барша адамзатқа үлгі.

– **Мәди, Әбіш Кекілбаев: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген екен.**

**Қандай жанрдағы кітаптарды оқыған ұнайды?**

– Көркем әдебиет жанрындағы туындыларды оқыған ұнайды. Дулат Исабековтің «Қарғыны» мен «Ғауһартасы» есімде ерекше сақталып қалды. Менің ойымша, адам өзіне қажетті, өзінің көкірегіндегі тесікті жабатын, рухани дертінен айықтыратын кітаптарды оқуы керек. Сонда кітаптың көмегі тиеді деп білемін.

– **Қандай іспен шұғылданғанда рухани тыныштыққа бөленесіз?**

– Оңаша қалғанды ұнатамын. Серуендегенді, жаяужүргенді, жүгіргенді жақсы көремін. Айта кетейін, жақында еліміздің оңтүстік өңіріне, шырайлы Шымкентке барып кел-

дім. Саяхаттау – адамның өмірін жарқын етеді. Қазақстанның әр өңірін, жерін аралағым келеді. Соның ішінде Шығыс Қазақстанға баса ден қою жоспарымда бар.

Қазіргі кезде подкаст дамып жатыр ғой. Өзіме керекті тақырыптардағы подкастарды тыңдап уақытымды өткіземін.

– **Студенттің басты мақсаты не?**

– Менің ойымша, студент өзіне берілген төрт жылды барынша тиімді өткізуі керек. Себебі осы уақытта білім арқылы аңсаған мамандығыңыздың білгірі болуыңызға жол ашылады.

– **Өмір деген шырғалаң ғой. Өмірде кездесетін қиындықтарды қалай жеңуге болады?**

– Ең алғаш оқуға түскенімде 1 балл жетпей, мемлекеттік грантқа ілінбей қалдым. Бірақ бұл мені бір орында тұрақтап қалудан сақтады. Мен жақсы оқуға тырысып, керекті білімді жинастыра бастадым, дамушы ортаға түстім. Осылайша 27 наурызда мен мемлекеттік грантқа ілігіп кеттім. Еңбектің жемісін көру – ғанибет. «Бейнет түбі – зейнет».

– **Әңгімеңізге рақмет, Мәди!**

**Сұхбаттасқан Бағдат СҰЛТАН, журналистика факультетінің 4-курс студенті**



## Мақсат – биологияны терең зерттеу

**Ұйымдастырылған дөңгелек үстел ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті студенттерінің білім алу деңгейін анықтауға, қазіргі таңдағы биология саласындағы маңызды мәселелерді талқылауға және студенттік өмірдің бет-бейнесін ашуға бағытталды. Сұхбат берушілер аталмыш факультеттің 2-курс студенттері: Дилара Жұмаділова, Арайлым Жұманова, Назерке Кемал.**

– **Қазақ ұлттық университетіне түсулеріңіздің басты себебі қандай? Биология мамандығын неліктен таңдадыңыздар?**

**Назерке:** Менің биологияға деген қызығушылығым 11-сыныпта басталды. Сол кездің өзінде көптеген универлерді аралап шықтым. Десе де, осы ұлттық университетті таңдағаным өкінбеймін.

**Арайлым:** Осы мамандыққа қызығушылығым әпкемнің мамандығына деген қызығушылықтан басталды. Ол Қазақ ұлттық университетінде биология және биотехнология факультетінде оқып, академиялық ұтқырлық арқылы шетелде, Франция мен Италияда білім алып келді. ҰБТ-ға дайындалу барысында биологияға деген ынтам одан әрі ашыла түсті.

**Дилара:** Негізінен, 11-сыныпта педагогика мамандығына қызықтанмын. Кейінірек осы факультеттің ғылыми бағытына түстім. Биология мамандығының салаларын жан-жақты зерделеп оқыту себебінен, магистратурада пе-

дагогика бағытын оқып, келешекте қалауым бойынша жұмыс атқара алатыным қуантады.

– **«Жылдар өтсе мейлі ғой, өте берсін! Сәттер өтіп барады, осы қиын!» демекші, қазіргі студенттік өмір қалай өтуде?**

**Назерке:** Қазіргі таңда биология мамандығының салаларын өтіп жатқандықтан, сабақ барысы өте қызықты. Бүгінде биохимия, ботаника, зоология салаларын зерттеудеміз. Студенттік өмірімізді барынша саналы түрде өткізудеміз.

**Дилара:** ҚазҰУ студенттік ұйымдарымен де танымал. Біз үшеуміз де «Сенат» деген ұйымдамыз. Бұл ұйым әр факультетте «мәслихат» деп бөлінетіні белгілі. Сабақтан тыс уақытта студенттік өмірімізді қызықты – tea time, teambuilding сынды жобалармен өткіземіз.

– **Бұл ұйымдарға мүше болу сабақтарыңызға кедергі келтірмей ме?**

**Арайлым:** Кедергі келтірмейді. Бәрін қатар алып жүру қолымыздан келеді. Белсенді



болу бізге жаңа, жақсы орта береді. Соның арқасында басқосулар, жиындар ұйымдастырып, көңілімізді көтеріп, уақытымызды тиімді өткізе аламыз.

**Дилара:** Бұл ұйымдарға қатысу арқылы студент өзінің өнерін ортаға салып, ішкі дарынын жетілдіре алады. Өзім ұйымға қосылып, суретшілік қабілетімді ояттым.

– **Сабақ уақытында қандай зертханалық тәжірибемен айналыса-сыздар?**

**Арайлым:** Қазір біз биология, гистология, биохимия, зоология, ботаника сынды пәндерді оқимыз. Жасуша тақырыбын толығымен қарастырып, күн сайын білім деңгейін бір сатыға көтереміз.

**Назерке:** Сонымен қатар

бізде 1-курсан кейін далалық практика өткізілді. Ол жерде теориямен оқығанды көзбен көрдік. Өсімдіктерді зерттеп, олардың систематикасын жаттап, қызықты ақпарат жинадық.

**Дилара:** Зертханалық жұмыстарда шаян, тышқандардың іш құрылысын, механизмін зерттейміз.

– **Факультетте елең етер қандай жаңалықтар бар?**

**Арайлым:** Екінші курста белгілі бір студенттер сабақ барысында ғылыми жұмыстармен айналысады. Мысалы, олар түрлі бактериялардың штамдарын жасап, көптеген зерттеулер жүргізеді.

**Дилара:** Генетиканы алсақ, біздің құрбыларымыз шыбынның көбеюін зерттейді. Өз әлеуметтік желілерінде тәжірибелерімен бөліседі.

**Назерке:** Зоология кафедрасында үлкен мұражай бар. Онда бұрынғы жануарлардың қалдықтары, өсімдіктер жинақталған. Жақында сол мұражайды көріп, оқуға деген зейініміз ашыла түсті, сіздерге де көруге кеңес беремін.

– **Болашақта биологияның қай саласын меңгеруді жоспарлап отырсыздар?**

**Назерке:** Мен ботаника саласын таңдаймын. Себебі мені өсімдіктер, олардың тіршілігі қызықтырады.

**Арайлым:** Гистология ұлпаларды зерттейді. Болашақта экстракорпоралды ұрықтандыру бағытында жұмыс істеп көргім келеді. Ол жасанды түрде ұрықтандыру, сәбиді дүниеге әкелу жолдарын қарастыратын бағыт екенін айта кетейін.

**Дилара:** Ботаника бағытында тіпті бизнес ашуға мүмкіндік бар. Шай өндірісі, дәрілік өсімдіктерді шығаруға болады. Мысалы, Корея косметикасымен белгілі. Олардың барлығы біз сияқты биологтар мен бизнес иелерінің бірігуімен өндіріледі. Бұл жұмыс біздің де қолымыздан келетіндіктен, ботаниканы таңдаймын.

– **Сәттілік серік болсын, қыздар!**

**Альмира БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, журналистика факультетінің 2-курс студенті**

## Студенттер «Томирис» қойылымын тамашалады

**Жастар саясатын жүргізіп, жас кадрларды даярлауда көшбасшы университетіміздің рөлі өте жоғары. Жас мамандарға диплом ғана емес, елімізге деген адалдық сезім мен өз ұлтының тарихын қастерлей білетін азамат ретінде тәрбие беру де маңызды. Осы ұстанымды негізге ала отырып шығыстану факультеті білім алушыларды түрлі іс-шара арқылы Отанды сүйуге, ел мен жерді қастерлеуге баулиды.**



йылымына барып қайтты. Еліміздің тарихынан сыр шертетін қойылымнан студенттеріміз ерекше әсер алды.

Қойылымның негізгі мақсаты Отанға деген адалдық, «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген қасиетті ұғымды көрерменге жеткізу болса, ол оқырманға, оның ішінде студенттерге де айрықша

әсер етті, сол үдеден шықты деген ойдамыз. Студенттерге кейде ұзақ-сонар ақыл айтқаннан гөрі осындай мәдени жерлерге бару әлдеқайда тиімді. Олар тамаша қойылымның мән-мағынасын, идеясын түсініп, өздерінше ой қорытып, жақсы көңіл күймен қайтты.

**Жұлдыз БЕКБАУОВА,**  
оқытушы

## Дамир – чемпион

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті Дамир Тойбай бокстан Астана қаласында өткен VI жазғы спартакиадада үш кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті.

Нәтижесінде Дамир Тойбай +92 кг салмақ дәрежесін-



де чемпион атанды.

Спартакиада жеңімпаздары алдағы

уақытта өтетін ірі халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайтын болады.

## Дзюдодан қола жүлдегер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті Аружан Ережепова 2023 жылдың дзюдо күресінен жастар арасындағы Азия чемпионатында 52 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

Дзюдо додасы Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өтті.



ҚазҰУ спортшысына алдағы жа-

рыстарда да табыс тілейміз!

## Білім алушылар зертхана қызметімен танысты

**Химия және химиялық технология факультетінің 3-курс студенттері химия ғылымының докторы, профессор Қайрат Адырбекұлы жетекшілік жасайтын А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының мұнай химиясы және мұнай-химия синтезі зертханасына барып қайтты.**



Осы іс-шара барысында білім алушылар отандық ғалымдардың №12 ТДМ (Тұрақты даму мақсаттары) бағыты бойынша жүзеге асыруға қосқан үлесімен танысты. Мұндағы міндеттердің бірі қалдықтардың түзілуін айтарлықтай қысқарту болып саналады. Қ.Қадырбеков студенттерге зертхана бағыттарының бірі түрлі мұнай қалдықтарын (мұнай шламы, радиоактивті мұнай шламы, май қалдықтары, ластанған топырақ) тауар-

лық мұнай өнімдеріне және/немесе экологиялық таза материалдарға кәдеге жарату және/немесе бейтараптандыру мүмкіндігін ғылыми бағалауды жүзеге асыруға жұмыс істейтінін атап көрсетті.

Сонымен қатар студенттер заманауи жабдықталған физика-химиялық зерттеулер зертханасына барды. Институтқа барып, оның қызметімен етене танысу олардың мұнай-химия және мұнай-газ ісі бойынша ма-

гистратура мен докторантурадан одан әрі оқуға деген қызығушылығын арттырды. Аталған іс-шараны Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасының оқытушылары мен докторант Н.Бузаев ұйымдастырды.

**Рауия ИСКАКОВА,**  
**Сәуле НАРЕНОВА,**  
Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасының доценті м.а.

## Жастар арасында жеңімпаз атанды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінің 4-курс студенті Мейрамбек Байзақ армрестлингтен (қол күресі) жастар арасында өткен Азия кубогының жүлдегері атанды.

ҚазҰУ спортшысы оң қол сайысында 3-орын, сол қол сайысында 2-орын алды.



Армрестлингтен Азия кубогы Өзбек-

станның Самарқанд қаласында өтті.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың**  
**Баспасөз қызметі**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.  
• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**  
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.